

Сайлауова Н.С.

БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ САТЫСЫНДА ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІН ТӘРБИЕ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Сайлауова Н.С.

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ НАРОДНЫХ ТРАДИЦИЙ КАК СРЕДСТВО ВОСПИТАНИЯ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ НА СТАДИИ НАЧАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Қай заманда болмасын адамзат баласының алдында тұратын ұлы мақсаттарының ең бастысы - өзінің өмірін, мол тәжірибесін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу болып табылады. Сондықтан дүниетануды, өміртануды адам өзінен бастағаны жөн. Егер өз ұлтының салт-дәстүрін егжей-тегжейлі, дұрыс сезіне білмесең өзге ұлттардың да салт-дәстүрлерін құрметтей алмайсың. Олардың жан дүниесін де түсіне алмайсың. Сондықтан ең алдымен әркім өз ұлтының салт-дәстүрлерін жете білуі және қастерлеуі қажет.

Адамзат қоғамы даму тарихында қалыптасқан тәрбие мен оқыту, оның теориясы және практикасын дамыту саласындағы маңызы мен тәрбиелік мүмкіндіктері жайлы маңызды педагогикалық ой-пікірлер қалдырып сонымен қатар халықтың қалыптасқан тәрбие тәжірибесін оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану туралы Г.Н. Волков, Я.И. Ханбиқов, М. Сейфуллаева, А.Ш. Гашимов, Т.Г.Тимошина, М.И. Стельмакович, Н.Сафаров, С.Д.Далиев, М.Х. Балтабаев, Қ.Б. Жарықбаев, Ә.Табылдиев, С.А. Ұзақбаева, Р.К.Төлеубекова, К.Қ.Қожахметова, Ж.Ж.Наурызбай, Р.К.Дүйсенбинова, Қ.Д.Шалғынбаева, С.Қ.Әбілдиналар өз еңбектерінде тұжырымдады.

Бүгінгі күні де бала тәрбиесі айырықша мәнге ие. ХХІ ғасырдағы тасқындаған толассыз ақпараттар, қоғамдағы күрделі өзгерістер аясында өмір сүріп жатқан жас ұрпақты тәрбиелеудің күрмеуі қиын күрделі мәселелері жеткілікті. Ғаламдану өріс алған қазіргі заманның тәрбие жүйесіне ұлттық тәрбиені дарыту одан да өзекті болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтап, уақыт төзінен өткен тәрбие тәжірибесінің ауқымды бір саласын ұлттық дәстүрлер жүйесі құрайды.

Адам баласы дүниеге келген күннен бастап өз ұрпағын өмірге, еңбекке икемдеп, тәрбиелеп келгені көпке аян. Бүгінгі қалыптасқан белгілі ғылыми – теориялық заңдары бар педагогика ғылымы өмірге келгенше де адамзат тәрбие ісімен айналысып келді. Оның қағазға жазылып түспеген, бірақ халық жадында мәңгі сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа ғасырлар бойы ауызша нақыл – ақыл, өсиет -өнеге,

қағида болып тарап білім – білік, тәлім – тәрбие беру тағылымдары бар. Ол халықтық педагогика деп аталады, халықтық педагогика салт – дәстүр, жол-жора, ырымдар мен кәделер, тағам дайындау, қонақ күту рәсімдері мен ауыз әдебиеті үлгілері, ұлттық ою - өрнек, өнер түрлері ұлттық ойындар арқылы отбасы тәрбиесінен басталып, айыл – аймақ, ел – жұрт, ру, тайпа, қала берді бүкіл халықтық қарым – қатынастан берік орын алған тәлім – тәрбиенің түрі, адам мінезін, іс - әрекетін қалыптастырудың белгілі нормасы болып табылады.

«Дәстүр» сөзінің мағынасына үңілсек «орныққан тұрақты дегенді білдіреді». Бұл сөз латынның «традицион» деген сөзінен алынған. Ол «бірден - бірге өткізу, бірден - бірге беру» деген мағынаны білдіреді.

«Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында»: «Дәстүр - белгілі бір ұлттың немесе халықтың ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын тарихи қалыптасқан олардың әлеуметтік ортасында ұзақ уақыт бойы сақталып отырған әлеуметтік-мәдени құндылықтар жиынтығы. Белгілі бір қоғамдың тәртіптер, мінез-құлық нормалары, құндылықтар, идеялар, салт жоралғылар, т.б. дәстүр ретінде қаралады. Қазақ халқы да дәстүрге бай халық ұлтымыздың тамаша дәстүрлеріне үлкенді сыйлау, қонақжайлылық, қайырымдылық, бауырмалдық, балажандылық, төзімділік, арлылық т.б жатады» деп тұжырымдалады.

Дәстүр адамдардың өмірлік қарекетін реттеудің маңызды факторы болып қызмет етеді, тәрбие негізі болып табылады. Қазақ халқы дәстүрге өте бай халықтардың бірі. Қазақ халқының дәстүрлеріне қонақжайлылық, қайырымдылық, бауырмалдық, төзімділік және т.б.жатады. Жастарды ұлттық рухта тәрбиелеуде дәстүрдің маңызы зор. Дәстүр қоғамдың өмірдің әр түрлі салаларына (экономика, құқық, саясат, әдебиет, өнер) да тән. Бірақ бұлардағы дәстүрдің орны мен рөлі әр түрлі. Қоғамдық-әлеуметтік жағдайларға байланысты дәстүр жана нысан мен мазмұнға ие болып, өзгеріп отырады. Дәстүр ұлттық мәдениетпен тығыз байланысты. Сондықтан мәдениеті дамыған елдің дәстүрі бай болады», - делінген.

Белгілі ғалым Қ.Б.Жарықбаев: «Қазақ халқының ұлттық дәстүрлерін басқа жұрт өкілдері де әділ бағалаған. Мысалы, қыр халқын алғаш зерттеушілердің бірі А.И. Левшин: «Қазақтардың басқа Азия халықтарына қарағанда қайырымдылық, адамды аяу, қарттарға құрмет көрсету, баланы аялап, жанындай жақсы көруі - айрықша қасиетті деп баға берген», - дейді. Жалпы «дәстүр» сөзін ғалымдар түрліше сипаттайды. Философ ғалым Н.Сәрсенбаев «Әдет-ғұрып, дәстүр және қоғамдық өмір» атты еңбегінде: «Белгілі бір қоғамда немесе ұғымда қалыптасқан дәстүр өзінің өмір сүру заңдылығына толық ие болғанда ғана сол қоғамдық өмірден жалғасын тауып, тұрақты орын алуы мүмкін», - дейді. Ал этнопедагог ғалым Б.Табылдиев дәстүрге мынадай анықтама береді: «Дәстүр-әдепке айналған игі іс-әрекеттің әлеуметтік көрінісі, ұлттың ізгі қасиетін көрсететін мәдени құбылыс».

Дәстүрдің ең қажет жері - ұлттық мәдениетін сақтап қалу құралы болуында. Халқымыздың ұлттық мәдениетінің дәрежесі оның әдет-ғұрып, салт-санасында, олардың ұлттық мәдени жағдайында, күнделікті тұрмыстарында, әлеуметтік жағдайында, ғаламтанымында орын алып, көріне алса, онда ұлттық психологиясын тәрбиелеуде құнды орын алады. Дәстүрлер осы күш ұлттық мәдениетін көтерудің өркендетудің, дамытудың құралына айналды. Өз дәстүрлерін сыйлап, құрметтеген халық ғаламдық дамудың шеңберінен өз орнын таба білді.

Бүгінгі күннің талабына сай халықтық педагогиканы пайдалану арқылы оқушыларға адамгершілік тәрбие беруде басшылыққа алатын идея – ізгілік. Бұл идея баланың жеке басына адамгершілік құрметпен, сеніммен қарау, оның өзіндік жеке мақсаттарын, мүдделерін түсіну, оған адамгершілік тұрғыдан ерік беру, өздігінен іздене білуге, шығармашылық талпыныс жасауға дайындау.

Мұның бәрі ата-ананың, мұғалімнің ортаның, ең алдымен, баланың өзінің қажеттілігін ескере отырып, мақсатты түрде жүйелі, бірізді жұмысты ұйымдастырумен шешіледі.

Қазіргі психология, педагогика ғылымдарында зерттеліп, дәлелдегендей төменгі сынып оқушыларының психологиялық жас өзгешелігі үлкендерге сенім артып, олардың мейіріміне, қамқорлығына зәру болатын кезең. Ал осы психологиялық ерекшеліктеріне сай балаларға тәрбие беру халықтық педагогика мұрасында да арнайы орын алады. Мәселен, қазақ халқының балаға деген шынайы сезімталдығы “Ақырып айтқан ақылдан, ақылмен айтқан сөз артық”, “..атасынан ақыл алса, тентек ұл да жөнделер”, “

Балалы үй базар, баласыз үй мазар т.б. деп бағалайтынды, төменгі сынып оқушыларының жас кезеңдеріне байланысты айтылған нақыл сөздер.

“Нәресте анасынан туғанда екі түрлі мінезбен туады, біреу- ішсем, ұйқасам- бұлар тән құмары. Екіншісі – білсем деген, не көрсе соған талпынып көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап тыныштық көрмейді – мұның бәрі жан құмары”. Абайдың бұл ой тұжырымдамасы қазіргі ғылым психологтардың тұжырымдама зерттеулерімен сәйкес келеді деп түсінеміз.

Олай болса, халық педагогикасы қоғам дамуының белгілі сатыларынан өтіп, ғылыми – педагогикалық дәрежеге жеткенше ұрпақ тәрбиесінің бастау бұлағы, педагогикалық алғашқы құралы және тәрбие жүйесі қызметін атқарып келгенін байқаймыз. Яғни, осыдан келіп ғылыми педагогика мен халықтық педагогиканың тәрбие тәсілдеріндегі сабақтастығы, принциптік-идеялық үндестігі туындайды.

Қазақ халқының бай қазыналы дәстүрлері, әдет-ғұрып, салт-саналары бар. Олардың қай-қайсысы да ғаламтанымдыққа, мәдениеттілікке, адамдыққа жетелеп, ой-өрісін кеңейтіп, адамгершілікті адам болуға тәрбиелейді. Қазіргі халқымыздың басындағы кезең - дәстүрлер арқылы тәрбиенің тегіне үніне қарап, жас ұрпақты оның нәріне қанықтыратын кезең. Үзіліп кетіп, халыққа қайта оралып жатқан дәстүрлерді табиғи даму қалпына келтіруіміз қажет. Ғасырлар бойы қалыптасып, лайықты орын теуіп келген халқымыздың бойындағы, әрбір тұлға бойындағы қасиеттердің тиісті ғылым арнасына айналуын қамтамасыз етуіміз керек. Халқымыздың өнебойынан табылып келген басқа да халықтар білетін: Үлкенді сыйлау, ізгілік, жас адамға иек арту, ар, намыс, ұят, сөз, уәде, қонақжайлық сый, құрмет сияқты іс-әрекетпен қарым-қатынастардың ғылыми негізін қайта қалпына келтіріп, ұрпақтар тәрбиесіне құрал етіп, жүзеге асыруымыз қажет.

Халқымызға дәстүр тұтастығы тән қасиет. Кез-келген ұлттың көрнекті ғалымдары ұлт дәстүрін терең біліп, құрметтеп қараған. Дәстүрді жақсы білгендіктен олардың ғылыми және басқа да шығармалары оқырман ұрпақтың көңілінен шығып, мағыналы саналған. Ел басқарған адамнан бастап есі кіре бастаған нәрестеге (жас өспірімге) дейін дәстүрлердің қуатты құрал екенін ұмытпағаны жөн. Оны халықты тәрбиелеу күйінде қуатты құралы ретінде пайдалану - білгірлік. Бұл - жас ұрпақ тәрбиесіне тікелей қатысты мұғалім, ата-ана, жалпы жұртшылықтың ортақ арқауы.

Әр халықтың өзіне тән әдет-ғұрып, салт-сана негізінде жататын дәстүрлер басқа халық өкілдерімен іс-әрекет, қарым-қатынас барысында терең сезіледі.

Ұлттық тәрбие қағидасы бойынша әрбір ұрпақ ең кемінде жеті атасына дейінгі ата тегін білуі міндетті. Егер жеті атасына дейін ата тегін тарихын білмейтін ұрпақ болса, оны «Жеті атасын білмейтін жетесіз» деп халық кінәлайды, айыптайды. «Шыншыл, әділетті, иманды болу - сонау арғы ата-бабамыздан бері қалыптасып келе жатқан дәстүріміз» дейін де, халық сол игі дәстүрді бұзған ұрпаққа айып тартқызады. «Ат тұяғын тай басар» деп, кейінгі ұрпақтың ата салтын бұзбауын талап етеді, Әулеттік тағылымдар ата дәстүріне айналып, санаға сіңіп, салтқа сирек болады. Сол себепті де шәкірттерге бастауыш білім беру сатысынан бастап-ақ жеті ата шежіресі мен дастарқан дәстүлерінен білім мен тәрбие берудің мәні зор. Олар әсіресе, «Қазақ тіл», «Ана тілі» пәндерін оқу барысында туыстық атаулармен танысып, солардың мағынасын түсінеді. Оқушылардың сол түсініктерін тірек ете отырып, жеті ата шежіресі мен дастарқан дәстүрлерін танытудың толық мүмкіндігі бар деп түйіндейміз. Екіншіден, жеті аталық ұстаным әрбір қазақтың, бүкіл халықтың құлағына күн сайын бабалары туралы тек жақсылықты құйып, рухани тектілігін дәріптеп,

ұлттың сенімі орнықтырып отырған.

Ұрпақ тәрбиесі қай заманда да күн тәртібінен түспеген келелі мәселелердің бірі де бірегейлі десек артық емес. Бұл мәселе бүгінгі күні де айырықша мәнге ие. ХХІ ғасырдағы тасқындаған толассыз ақпараттар, қоғамдағы күрделі өзгерістер мен даму қарқыны ағымында өмір сүріп жатқан жас ұрпақты тәрбиелеу оңай шаруа емес. Оларға ұлттық тәрбиені дарыту одан да күрделі. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ халқының ғасырлар бойы жинақтап, уақыт төзінен еткен бай қазынасын оқу-тәрбие ісіне қолдану - көзек күттірмейтін мәселе.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ж.Боданов, Белеев Қазақтың халық педагогикасы. - Жамбыл, 1992 жыл -250 б.
2. О.Телеубаев Өр елдің салты басқа, Алматы, 1992 ж. - 180 б.
3. М.М. Тілеужанов Қазақ тағылымы, Орал, 1994 ж. - 193 б.
4. К.Оразбекова Иман және инабат. Алматы, Ана тип, 1993. - 21 7 б.
5. Жарықбаев Қ. Эстетикалық тәрбие туралы. “Бастауыш мектеп”, 1999, №6.